



МӘДЕНИЕТ

Журналистика факультетінде "Заманалы журналистиканың пішіні мен қызметі" атты пән өткен өдік. Бұл дәрісті профессор Көкен Камзин жүргізді. Осындай дәрістердің бірінде біз "Сұхбат және оның түрлері" туралы мәлімет алған болатынбыз. Сұхбат жанрының аса қиын түрі-ретроспективалық сұхбат. Ретроспективалық сұхбат өмірден өтіп кеткен қайраткер, танымал адамдармен сұхбат жүргізу. Журналист сұрақ қояды, жауабын сол адамның шығармасынан алады.



Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ:
Белгілі қаламгер, халық жазушысы,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты



ЖАЗУШЫМЕН
СЫРЛАСУ

немесе қазақ жастарының бәрі
Ербол мен Меңтайдай болса

Мен осы тақырыпка бай- ланысты қазақ әдебиетінде елеулі орын алатын белгілі қаламгер, халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың лауре- аты Әзілхан Нұршайықовтың шығармаларына сүйене оты- рып, қаламгермен сырласып көрген едім.

— Алғашқы сауалым, халықтың жүрегіне етене жакын «Махаб- бат, қызық мол жылдар» жайлы болмақ. Бұл романды жазудағы мақсатыңыз қандай болды?

— Бұл романды жастар өмірінен алып, жастарға арнап жаздым.

Бұрынғы ата-бабаларымыздың мекеніне ұя салып,бүгінгі біздің орнымызды басатын, ісімізді жалғастырып,алға апаратын,болашақ ұрпақ- қа,солардың жүректерінде асыл адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына титтей де болса өзімнің себімді тигізу романды жазудағы ең басты мақсатым еді. Саналы өмірдің бар қызығы махаббатқа тіреледі. Махаббатқа соқпай кететін сезім аз. Адам бойындағы ең асыл сезімдердің бірі адамгершілікте махаббат-

пен сабақтас. Кітабымның негізгі арқауын махаббат ете отырып, жастарымыздың жанына, жүрегіне,ойына кара- пайым халқымыздың кей- бір асыл қасиеттерін: ана- ны ардақтаушылық,қызды қадірлеушілік,алған жарын жанындай сүюшілік,ағаны құрметтеушілік сияқты қасиет- терді сіңіргім келді.

-Сіз сияқты қазақ жастарының өмірін жырлаған адамдардан кімді ерекше бағалайсыз?

— Мен ерекше бағалайтындар: Саттар Ерубәев пен Мұқан Иәнжанов. Біріншісін көре алғаным жоқ. Ал, екіншісімен 1954 жылдың күзінде бірінші рет жақын танысуымның сәті түсті. Шығармаларында махаббатты, жарды аялауды жырлаған жазушының қазіргі «заманы» басқа жастарға ай- тар ақылы қандай? Менің жастарға айтар ақылымның бәрі шығармаларымнан көрініс тапқан. Қазақтың жастарының бәрі Меңтай мен Ерболдай бол- са деп армандаймын. Ұлттық дәстүрімізге қарсы жат қылықты

істеп жүрген жастарымыз бен қыздарымызды көргенде әрине ренжисін. Бұл үлкен трагедия,ол үшін ата-ана мен ұстаздардың мықты да тегеурінді тәрбиесі қажет.

— Бұл жайында «Қыздар- Ұлт айнасы» деген баяндама да жасаған едініз ғой?

— Иә, дәл осы баяндамада жазылғандай қазақтың қызы ұлттың анасы болғандықтан,бар жақсы қасиетті жинап өсуі керек. Қыз-ана тілінің ана- сы,академигі, қоғам қайрат- кері. Ол қоғамның ең тиянақты қызметкері, жаны, жүрегі.Қай ғасырда да ұлттың тәрбиешісі бола білген қыздарымыз ХХІ- ғасырда да осы қалпынан,осы тәрбиелілігінен айырылмауы керек.

— Жастайыңыздан Ұлы Отан соғысына қатысып, ел үшін, жер үшін қан төктініз. Ел ағаларымен етене араласып, сырлас дос болдыңыз. Шығармаларыңыз халықтың көңілінен шығып, сізде халыққа қалаулы ел ағасына айналдыңыз. Жалпы,өмір жо-

лында кеткен кемшіліктеріңізбен, жеткен жетістіктеріңізден қандай сабақ алдыңыз, ой түйдіңіз?

— Жақсы адам магнит сияқты емес пе? Жақсы болсаң жаныңа да жақсы адамдар үйір болады,артыннан халық ілеседі. Жаман болсаң, жалғыз қаласын. Ал, орташа болсаң, жақсының жанында ілесіп жүретін халықтың бірі боласын. Жақсылық жасауға ұмтылған абзал. Тірі адамның бар бақыты, бар қызығы жер бетінде. Оған көкке ұмтылудың немесе о дүниеден үміт етудің қажеті жоқ. Сол себепті бар терді төгіп,барша ой мен ақылды жұмсап,жер бетін,тұрған үйді жұмақ ете білу керек екен. Інжу теңіздің терең түбінен алынады емес пе? Теңіздің суығына тонып,суына тұншықпағанның інжу мен меруертке қолы жетпейді. Сол сияқты бар қиындыққа төзе білу керек. Ісіңнің бәрі ақ көңіл мен ақ ниеттен туған болса ісің сүйкімді болады. Ал,айла мен арамдықтан туған іс әдемі болса да жиіркенішті болады. Осыны ұмытпау керек.

ТАЛҚЫ

Жастар терең ойлы, білікті маман, өз ісінің шебері болса бүкіл халықтың мерейі, қуанышы емес пе? Әр азамат білімнің іргетасын мектепте қалайды. Сол іргетасты үлкен қамалға айналдыратын, жастардың білікті маман болуына, жарқын болашақ қалыптастыруына септігін тигізіп, әсер беретін білім ошағы – ЖОО.

Елімізде ЖОО да,оған түсуге ни- еттенген болашақ студенттерге де қойылатын талаптар өте жоғары. Оны мектеп қабырғасын аяқтай сала, ЖОО-на түссем деген максатта түлектердің елді жылына бір рет дүр сілкіндіретін ҰБТ-ны тапсыру кезіндегі аласапыраннан-ақ байқауға болады.

Осылайша ата анаға, ұстазға, түлектерге арман мен мақсат болған ЖОО да тиісті білім беріліп, білікті маман даярланып жатыр ма? Жалпы елімізде ЖОО-на қандай жағдайлар жасалынып жатыр?

Биылғы жылы ЖОО-ы 100000аса түлек қабылдаған. Оның 30000-ы грант иегерлері атанса, қалған 70000- нан астамы ақылы бөлімге түскен. Ақылы бөлімге төленетін ең аз сома 35000-мыннан басталады. Бұндай бағаға сіз Ұлттық емес жекеменшік білім ордаларында білім аласыз. Ал Ұлттық, бәсекеге қабілетті,байлайша

айтқанда престижный ЖОО-нда білім алғыңыз келсе жылына 3-4 млнға дейін қалтаңыздан шығарып тұруыңыз керек.

Осыншама ақша төйлеп отыр- ғаннан кейін олар керемет жағ- дайда, білім алып жатқан шығар десеніз,кателесесіз. Жеке меншікті былай қойғанда, Ұлттық деген атаққа ие оқу орындарында жатақхана, кітаптың жетіспеушілігі әлі күнге дейін үлкен проблема. Біздің жатақханада тегін тамақ беріліп, студенттердің жағдайы толығымен жасалған деген сұхбаттармен макалаларды көргенде, ондай жатақханада қандай бақытты студенттер тұрып жатыр екен деген ойға қаласыз. Жарайды,тамақты ,жатақхананы ысыра тұрайық. Жыл сайын Білім Министрі студент- терге, оқытушыларға оңай болуы үшін ана тіліміздегі оқулықтардың, қазақ тілінде ғылыми кітаптардың шығарылып жатқаны жайлы айта- ды. Бірақ,өкінішке орай, ЖООда әсіресе техникалық білім беретін са- лаларда ана тіліміздегі оқулықтардың тапшы екені жасырын емес. Тіпті



гуманитарлық бағыттағы қазақша кітаптардың өзі түсінуге өте қиын немесе тым салғырт аударылған. Бұдан кейін студенттер орыс тіліндегі

оқулықтарды аударып оқуға мәжбүр болады.


ЖОО орнын бітірген студенттердің басым көпшілігі бәсекеге қабілетсіз.

Біздің қоғамдағы жұмыссыздықта осыдан бастау алып тұр. Ал бәсекеге қабілетті жастарымыз,шетел асып кетіп жатыр.

Соңғы 15 жылда жоғарғы оқу орындарындағы білім бағасы кемі 8 есеге өсіпті, ал мұғалімдердің жала- қысы тек 2-3 есеге ғана, есесіне уни- верситеттерде дәл осы уақытта одан басқа ештеңе өзгермеген.

Соның салдарынан бүгін ақшасы бар қазақ баласы жаппай шетелде оқуға құмартқан, себебі арзан әрі сапалы, қауіпсіз әрі нәтижелі.Бірақ білімді, талантты деген жастардың басым бөлігі шет елге оқуға кетіп жатқаны сөзсіз біздің болашағымыз үшін қауіпті.

Болашақ жастардың қолында. Жәй жастардың емес, білімді, білікті, терең ойлы жастардың қолында. Ал ондай ұрпақ тәрбиелеу үшін мықты маман- дар даярлайтын ЖОО керек.



Бетгі дайындаған
Еділік ЕРҒАЛИҚЫЗЫ